

Бекітемін

«Nursultan 77»
балабақшасының меңгерушісі
«Nursultan 77»
БИН 240340014671
Г.М. Табышева

Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан!»
«Күншуақ» мектепалды тобы

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2025-оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Білім беру бағыты: Коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту

Тобы: «Күншуақ» Мектепалды тобы

Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан!»

Технологиялар: STEAM, ойын-квест, «4 орталық» әдісі, зерттеу, топтық жұмыс

Мақсаты:

Балалардың Қазақстан туралы білімдерін кеңейту, мемлекеттік рәміздерді тануға, туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын және зерттеу тапсырмалары арқылы 5 дағдыны дамыту.

Міндеттері:

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін тану;

Еліміздің табиғаты, қалалары және ұлттық құндылықтары туралы білімдерін толықтыру;

Өз ойын еркін жеткізуге және бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.

Қалыптасатын 5 дағды

1. Физикалық дағды

Қимылды ойындар.

Ұсақ моториканы дамыту.

Эстафеталық тапсырмалар.

2. Коммуникативтік дағды

Қазақстан туралы әңгімелеу.

Сұрақтарға толық жауап беру.

Топ алдында өз ойын айту.

3. Танымдық және зияткерлік дағды

Мемлекеттік рәміздерді ажырату.

Картадан Қазақстанды табу.

Логикалық тапсырмаларды орындау.

4. Шығармашылық дағды

Ту құрастыру.

Киіз үй немесе ою-өрнек жасау.

Ортақ коллаж дайындау.

5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағды

Өзара сыйластық.

Ынтымақтастық.

Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

STEAM технологиясы

S – Science (Ғылым)

«Қазақстанның табиғаты» зерттеу орталығы

Балалар тау, өзен, дала, орман бейнелерін қарап, олардың ерекшеліктерін салыстырады.

T – Technology (Технология)

Интерактивті тақтада Қазақстан картасындағы қалаларды, рәміздерді және табиғат нысандарын сәйкестендіру.

E – Engineering (Инженерия)

Топтарға конструкторлар беріледі.

1-топ – Киіз үй құрастырады.

2-топ – Бәйтерек макетін құрастырады.

3-топ – Көпір немесе қала макетін құрастырады.

A – Art (Өнер)

«Менің Қазақстаным» атты ортақ панно жасау.

M – Mathematics (Математика)

Рәміздерді санау.

Геометриялық пішіндерден Ту немесе Киіз үй құрастыру.

Түстерді сәйкестендіру.

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Балалар қол ұстасып тұрады.

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз. Саяхатымыздың бағыты – Қазақстан.

Экраннан «Қазақстанға саяхат» атты қысқа бейнеролик көрсетіледі.

Осы кезде топқа «Саяхатшының сандығы» келеді.

«Балалар! Егер тапсырмаларды орындасандар, Қазақстан картасының бөліктерін жинап, туған еліміздің картасын құрастырасындар.»

1-орталық

«Рәміздерді тап»

Балалар Ту, Елтаңба, Әнұранды ажыратып, олардың маңызын әңгімелейді.

Дамитын дағды: Коммуникативтік және танымдық.

2-орталық

«Қазақстан картасын құрастыр»

Балалар пазл бөліктерінен Қазақстан картасын құрастырады.

Картадан өздері білетін қалаларды көрсетеді.

Дамитын дағды: Танымдық және зияткерлік.

Сергіту сәті

«Мен – қыранмын»

Балалар:

☐ Қыран құстай қанат қағады.

☐ Атқа мінгендей шабады.

☐ Гүлдей жайқалады.

☐ Күнге қол созады.

3-орталық (STEAM)

«Сәулетшілер»

Топтарға тапсырма:

Киіз үй;

Бәйтерек;

Мектеп немесе балабақша макетін құрастыру.

Топтар өз жұмыстарын таныстырады.

4-орталық

«Ұлттық қазына»

Балалар ұлттық бұйымдарды (домбыра, қамшы, ою-өрнек, киіз үй бөлшектері) сәйкес орнына орналастырып, олардың қолданылуын айтады.

5-орталық

«Менің Қазақстаным»

Әр бала Қазақстан туралы бір жылы сөз немесе тілек айтып, ортақ панноға күннің сәулесін, гүлді немесе көгершінді жапсырады.

Қорытынды

«Сиқырлы микрофон»

Қазақстанның рәміздерін ата.

Қазақстан туралы не ұнады?

Сен елің үшін қандай жақсы іс жасай аласың?

Бағалау

«Көк Ту»

Балалар өз жетістіктеріне қарай көк туға:

★ Жұлдыз,

☀ Күн,

Көгершін жапсырады.

Күтілетін нәтиже

Балалар:

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін таниды;
еліміздің табиғаты мен ұлттық құндылықтары туралы әңгімелейді;
топпен ынтымақтаса жұмыс істейді;
STEAM тапсырмаларын орындайды;
Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін көрсетеді.